



## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

### 2022 Шілде

2022 жылғы шілдеде жылдық инфляция 15,0% құрады (маусымда - 14,5%). Азық – түлік тауарларының бағасы бір жылда 19,7%-ға (маусымда – 19,2%), азық – түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы - 14,2%-ға (маусымда - 13,2%) өсті, ақылы қызметтерге - 9,2% деңгейінде бұрынғы мәнін сақтады.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 16 өңірде жеделдеді, 3 облыста баяулады және 1 өңірде өзгеріссіз қалды. Ең көп жеделдеу Атырау облысында тіркелді (маусым айындағы 14,1% - дан шілдеде 16,0% - ға дейін). Жылдық инфляцияның баяулауы Алматы (14,3% - дан 13,4% - ға дейін), Қарағанды (15,5% - дан 15,3% - ға дейін) және Жетісу (15,0% - дан 14,9% - ға дейін) облыстарында байқалды. Жылдық инфляция 10 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Маңғыстау облысында тіркелді (17,9%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2021 шілде – 2022 шілде), %-бен

Маңғыстау	9,1		17,9	Батыс Қазақстан	8,2		15,0
Ақмола	8,7		16,0	Қостанай	8,3		15,0
Атырау	8,8		16,0	Қазақстан Республикасы	8,4		15,0
Түркістан	8,8		15,7	Алматы қ.	7,7		14,9
Ұлытау			15,7	Жетісу			14,9
Шығыс Қазақстан	8,5		15,6	Солтүстік Қазақстан	8,1		14,8
Абай			15,5	Қызылорда	8,3		14,7
Ақтөбе	8,9		15,4	Павлодар	9,2		14,7
Нұр-Сұлтан қ.	7,9		15,3	Шымкент қ.	8,4		14,4
Қарағанды	8,7		15,3	Жамбыл	8,4		14,0
				Алматы	8,3		13,4

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары Маңғыстау (24,0%), Ақтөбе (22,4%), Атырау (21,5%), Ақмола (20,8%) облыстарында, Алматы қаласында (20,5%), Түркістан (20,3%), Жамбыл (20,2%), Қостанай (20,0%) және Солтүстік Қазақстан (19,9%) облыстарында ел бойынша деңгейден (19,7% ж/ж) жоғары қарқынмен қымбаттады.

**Азық-түлікке жатпайтын** тауарлар бағасының өсімі ел бойынша өсімнен (14,2% ж/ж) келесі өңірлерде жоғырақ болды: Нұр-Сұлтан қаласында және Ұлытау облысында (18,5% - дан), сондай-ақ Маңғыстау (16,2%), Шығыс Қазақстан (16,0%), Атырау (15,8%), Қарағанды (15,6%), Абай (15,4%), Ақмола (15,3%), Жетісу (14,6%) және Қызылорда (14,4%) облыстарында.

Елімізде **ақылы қызметтердің** бағасы 9,2% ж/ж деңгейінде өзгеріссіз қалды, бұл ретте өсім Түркістан (11,4%), Шығыс Қазақстан (11,2%), Маңғыстау (11,0%), Абай (10,7%), Қарағанды (10,5%), Батыс Қазақстан (10,2%), Ақмола (9,7%) облыстарында, Алматы (9,5%) және Шымкент (9,4%) қалаларында, сондай-ақ Ұлытау облысында (9,4%) жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	<b>19,7</b>	<b>14,2</b>	<b>9,2</b>
Ақмола	20,8	15,3	9,7
Ақтөбе	22,4	14,0	6,7
Алматы	18,0	12,5	7,7
Атырау	21,5	15,8	8,5
Батыс Қазақстан	19,2	13,8	10,2
Жамбыл	20,2	12,6	6,7
Қарағанды	18,5	15,6	10,5
Қостанай	20,0	13,9	8,7
Қызылорда	18,9	14,4	8,9
Маңғыстау	24,0	16,2	11,0
Павлодар	19,7	14,2	8,1
Солтүстік Қазақстан	19,9	14,0	8,3
Түркістан	20,3	13,3	11,4
Шығыс Қазақстан	18,3	16,0	11,2
Нұр-Сұлтан қ.	18,0	18,5	8,0
Алматы қ.	20,5	12,3	9,5
Шымкент қ.	19,3	12,4	9,4
Абай	19,0	15,4	10,7
Жетісу	19,7	14,6	8,3
Ұлытау	18,0	18,5	9,4

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылғы шілдеде елімізде айлық инфляция **1,1%** құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2017-2021 жж.) шілдедегі инфляцияның орташа мәнінен айтарлықтай жоғары. 2022 жылғы шілдеде барлық өңірлерде баға өзінің орташа қалыптасқан нормасынан жоғары өсті. Айлық инфляцияның ең көп үдеуі Атырау облысында (2,1%) байқалды.

2-кесте. 2022 жылғы шілдедегі айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы айының орташа мәнімен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы шілденің орташа мәні	Шілде 2022	Өңірлер	5 жылдағы шілденің орташа мәні	Шілде 2022
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>0,3</b>	<b>1,1</b>	Қызылорда	0,2	1,2
Атырау	0,5	2,1	Нұр-Сұлтан қ.	0,2	1,1
Павлодар	0,4	1,7	Шымкент қ. <sup>1</sup>	0,1	1,1
Шығыс Қазақстан	0,3	1,6	Жамбыл	0,3	1,0
Ақмола	0,3	1,5	Солтүстік Қазақстан	0,3	1,0
Ақтөбе	0,4	1,5	Қарағанды	0,4	0,9
Абай	-	1,5	Алматы қ.	0,1	0,9
Батыс Қазақстан	0,4	1,4	Жетісу	-	0,9
Маңғыстау	0,5	1,4	Түркістан	0,1	0,7
Ұлытау	-	1,4	Алматы	0,3	0,5
Қостанай	0,2	1,3			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

<sup>1</sup> Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы орташа мәні (2019-2021 жж.)